

Теңіз селолық округіне қарасты шағын елді мекендердегі атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Күші жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Теңіз селолық округі әкімінің 2009 жылғы 19 қазандағы N 7 шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 28 қазанда N 4-8-160 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Теңіз селолық округі әкімінің 2010 жылғы 22 қазандағы N 77 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Теңіз селолық округі әкімінің 2010.10.22 N 77 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағы негізінде, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағын басшылыққа алып, аудандық ономастикалық комиссиясының 2009 жылғы 15 қазандағы № 13 х а т т а м а с ы н а с ә й к е с

ШЕШЕМН:

1. Теңіз селолық округіне қарасты, Құмарғали ауылындағы атауы жоқ көшеге - "Майдагер", Шайхы ауылындағы атауы жоқ көшеге - "Ардагер", Дәулет ауылындағы атауы жоқ көшеге - "Шипагер" есімдері берілсін.

2. Шешім әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан бастап күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Б. Утеулиев